Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

12-ТАҚЫРЫП: ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ
ДҮЙСЕНБАЕВ АБАЙ ҚАБАҚБАЙҰЛЫ

Дәріс жоспары

1. ЖОО-дағы ғылыми-зерттеу қызметінің (ҒЗҚ) рөлі мен маңызы
2. ҒЗҚ-ның негізгі мақсаттары мен міндеттері
3. ҒЗҚ-ның негізгі бағыттары мен формалары
4. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы (СҒЗЖ)
5. Жоғары білім мен ғылымды интеграциялаудың заманауи үрдістері

1. РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

ЖОО-дағы ғылыми-зерттеу қызметінің рөлі

«Білім таратушы» мекеме → **Зерттеушілік және инновациялық орталық**

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ЕКІ ТЕҢ ТІРЕГІ

Білім беру

Ғылым

ҒЫЛЫМСЫЗ САПАЛЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БОЛМАЙДЫ, ӨЙТКЕНІ

ПОҚ: соңғы ғылыми жаңалықтарды біліп, дәріске енгізеді

Студенттер: сыни ойлауды, талдауды, өздігінен шешім қабылдауды үйренеді

ҒЗҚ-ның мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: ғылыми білімді дамыту, жаңа технологиялар әзірлеу және осы негізде мамандар даярлау сапасын арттыру

НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

1. іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу
2. нәтижелерді білім беруге енгізу: жаңа пәндер, оқулықтар, зертханалық жұмыстар
3. инновациялық өнімдер, патенттер жасау және коммерцияландыру
4. ғылыми-педагог кадрларды (магистранттар, PhD) даярлау

ҒЗҚ-ның негізгі бағыттары мен формалары

Гранттар
мемлекеттік және халықаралық

министрліктер мен халықаралық қорлардың байқауларында зерттеуге қаржы ұтып алу

Шаруашылық келісімшарттар
тапсырыс бойынша

кәсіпорын немесе компания тапсырысымен ақылы негізде мәселе шешу

Ғылыми жарияланымдар
Scopus, Web of Science

нәтижелерді рецензияланатын халықаралық және отандық журналдарда жариялау

Инновациялық инфрақұрылым
ҒЗИ, технопарк

ғылыми-зерттеу институттары, зертханалар, технопарктер, стартап-орталықтар

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы (СҒЗЖ)

Студенттерді ғылымға тарту – жоғары білім берудің стратегиялық міндеті

Оқу үдерісіне ендірілген

- курстық және дипломдық жұмыстар
- магистрлік диссертациялар
- өндірістік және зерттеу тәжірибелері

Оқудан тыс уақытта

- ғылыми үйірмелер мен жобалар
- стартаптар
- студенттік конференциялар мен олимпиадалар

Студент үшін пайдасы: тәжірибелік дағдылар қалыптасады, магистратура мен докторантураға түсуге мүмкіндік туады

«Үштік шиыршық» (Triple Helix) моделі



Интеграцияның басқа заманауи үрдістері

Зерттеу университеттері
Research Universities

білім беру толығымен ғылыми зерттеулер төңірегіне құрылады

Пәнаралық зерттеулер
ғылымдар түйіскен жерде

ірі жаңалықтар бірнеше ғылымның түйіскен жерінде пайда болады:

биоинформатика, нанотехнология, ЖИ және медицина

Қорытынды

ҒЗҚ – жай ғана қосымша жұмыс емес, университет өмірінің өзегі

1. оқыту сапасын арттырады
2. экономиканың дамуына серпін береді
3. елдің зияткерлік әлеуетін қалыптастырады

Ғылым мен білімнің терең интеграциясы – заманауи сын-қатерлерге жауап беретін мамандарды тәрбиелеудің кілті

Назар салып тыңдағандарыңызға рахмет!